

**Ұлытау облыстық білім басқармасы ,Сәтбаев қаласы білім бөлімінің ««Абай атындағы №4 мектеп-лицейі»"КММ және «Жезқазған музикалық колледжі» КМҚК арасындағы өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Ұлытау облыстық білім басқармасы ,Сәтбаев қаласы білім бөлімінің ««Абай атындағы №4 мектеп-лицейі»"КММ атынан мекеме басшысы Иманбаева-Казбекова Г.Т. , мекеме жарғысының негізінде әрекет ететін, бұдан былай «Гимназия» деп аталатын, бірінші тараптан және «Жезқазған музикалық колледжі» КМҚК атынан мекеме басшысы Ж.А.Аманбеков, мекеме жарғысының негізінде әрекет ететін, бұдан былай «Музикалық колледж» деп аталатын екінші тараптан, одан әрі «Тараптар», мәдениет саласында ортақ мақсаттарының болуына байланысты ынтымақтастықтың келесідей негізгі принциптері бойынша келісім жасасты:

1 бап

Меморандумның мақсаты онер және мәдениет жұмыстары саласында тәжірибе алмасу, кәсіби бағдар беру жұмыстарын бірлесе отырып атқару, колледж студенттерінің мамандығына сәйкес тәжірибеден өтуі, білім беру мекемелерінің студенттерімен және оқушыларымен тәжірибе алмасуы бойынша ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

2 бап

Меморандумның негізгі мақсаты - Тараптардың мәдениет саласын, оның ішінде мамандығына сәйкес студенттердің тәжірибеден өтуін қамтамасыз ету, кәсіби бағдар беру жұмыстарын дамыту бойынша екіжақты ынтымақтастық, сондай-ақ бағыттары мен өзара қарым-қатынас болып табылады.

Тараптар тәжірибе алмасу, құқықтық ақпарат, кадрларды даярлау саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3 бап

Тараптар ынтымақтастығы Тараптар арасындағыдай, олардың жеке құрылымдары мен бөлімшелері арасында да немесе екі жаққа да қолайлы үлгіде нақты қызметкерлермен және/немесе студенттерімен іске асырылатынына келіседі.

4 бап

Тараптардың өзара қарым-қатынас бойынша басым бағыттары болып табылады:

- кәсіби бағдар беру жұмыстарын бірлесе отырып атқару, колледж студенттерінің мамандығына сәйкес тәжірибеден өтуі, білім беру мекемелерінің студенттерімен және оқушыларымен тәжірибе алмасуы бойынша ынтымақтастықты дамыту;
- бірлескен ғылыми жобаларға, халықаралық, республикалық, облыстық, өңірлік мәдени іс-шараларға қатысу, олардың нәтижелерін жариялау;
- мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізуге өзара әрекет ету, әр түрлі іс-шараларда, оның ішінде концерттер, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, марапаттау рәсімдері, сахналық койылымдар, спектакльдер, дефиле көрсетілімдері бойынша ынтымақтастық;
- бағдарламалар, көп жақты қатынастар мен байланыстар шенберінде жалпы іс-шараларға тиісті акапарттандыру жұмыстарын жүргізу, іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысу және өзара қолдау;

5 бап

Тараптар бірлескен іс-шаралар бойынша ынтымақтастық шарттарын анықтау үшін жекелеген бағыттар мен жобалар бойынша жоспарлар құруы мүмкін.

6 бап

Осы Меморандумның ережелері Тараптардың келісімі бойынша өзгертуге және толыктыруға жатады.

7 бап

Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы жарамды болып есептеледі.

Меморандумның мерзімін ұзарту үшін Тараптар Меморандумның бітетін уақытынан үш ай бұрын жазбаша түрде бір-біріне ескерту керек.

Тараптардың біреуі Меморандумды бұзуға ниет етсе, қарсы жаққа бір ай бұрын ескертуі керек.

9 бап

Меморандум екі данада, көшірмелерімен, қазақ тілінде жасалынған. Барлық дананың тен занды күші бар.

10 бап

Өзара ынтымақтастық туралы Меморандум ережелерін қолдану немесе түсінуде туындастырын барлық келіспеушіліктер мен көзқарастар бейбіт жолмен Тараптар арасында кездесулер мен кенестер өткізу арқылы реттелуі қажет.

**Ұлытау облыстық білім басқармасы ,
Сәтбаев қаласы білім бөлімінің
««Абай атындағы №4 мектеп-лицейі»"КММ**

Сатпаев қ.
Сатпаев даңғылы 114,
тел.: 8 (71063) 3-92-25
E-mail: satplicey4@mail.ru

**Басшы Иманбаева-Казбекова Галия
Таниябергеновна**



**«Жезқазған музыкалық
колледжі» КМҚК**

100600, Жезқазған қ.
Байқоныров көшесі, 17 ғимарат
тел.: 8 (7102) 90-34-92.
E-mail: zhezmuzkol@mail.ru



Басшы Ж.А.Аманбеков